

Джангужиев Максот Суюнгереевич
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ
«Рухани жаңғыру» орталығының аға оқытушысы, философия
ғылымдарының докторы (PhD)

ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ – ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ

Халел Досмұхамедов – еліміздің тарихында өзіндік өшпес із қалдырған, сан қырлы талант иесі. Ол өз өмірінің кемелді кезеңін қоғамдық-саяси қызметтермен қатар шығармашылық жұмысқа да арнағаны белгілі. Профессор Халел Досмұхамедұлы – тарих ғылымының дамуына да өз үлесін қосқан ғұлама ғалым. Оның тарих ғылымына байланысты жазған еңбектерінің жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде өз орны бар.

Х.Досмұхамедұлы өзінің тарихи еңбектерінде ұлт-азаттық қозғалыстар тарихына ерекше көңіл бөлген. Ол 1936-1938 жылдары Бөкей хандығы мен Кіші жүздің батыс бөлігін қамтыған Исатай Тайманұлы бастаған халық-азаттық көтеріліс тарихын алғаш зерттеген ғұлама ғалым. 1924 жылы «Сәуле» журналының нөмірі 3-санында «Қазақ әдебиет білім мұрасымен», «Ақ жол» газетінің қосымша бетінде жарияланған «Қазақ батырлары: Исатай, Махамбет» шығармалары соның дәлелі.

Халел Досмұхамедұлы еңбегінде Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістің басталуы, көтерілістің негізгі кезеңдері мен барысы туралы құнды мағлұматтар жинақталған. «... Үш мыңдай қолға бас болып, Исатай Жайық бойындағы елді көтеруге аттанады. Елдің бәрі Исатайға қосылады. Елдің тегіс көтерілгенін көріп, үкімет Орынбордан, Ордан (Жаманқала), Текеден (Оралдан), Мансирев, Падурев, Гекке деген полковниктерді бас қылып үш бөлек күшті әскер шығарады»...

Халел Досмұхамедұлы «Исатайдың көтерілісі қазаққа қандай пайда, қандай зиян түсірді?» деген сұрауға: Исатай көтерілісі қазаққа өзінің ел екенін білдірді, жұрттың ұлт сезімін қозғады, қазақтың бірігуіне себеп болды. Исатай көтерілісі қазақтың көзін ашып, патша үкіметін танытты, патша үкіметіне сүйенген хандардың, сұлтандардың қазаққа нағыз дұшпан екенін көрсетті – деп жауап берді.

Қайраткер Х.Досмұхамедұлы қазақ халқының ұлт-азаттығы үшін жанын пидә еткен ардагер ұлы Исатай Тайманов пен дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы туралы зерттеп, оны көпшілікке ұсынуы елеулі де ерекше еңбектерінің бірі дер едік. Отты жырларымен, өршіл үнімен азаматтардың көтеріліске үндеген әрі батыр, әрі ақын Махамбеттің 200-жылдық мерейтойының 2003 жылы ЮНЕСКО көлемінде атап өтілуі ұлтымызға көрсетілген құрмет, ұрпаққа мерей екені даусыз.

Ғалым Х.Досмұхамедұлының тарихи еңбектерінің бірі – ХҮІІ ғасырдағы Қазақстан мен Орта Азия тарихында ерекше орын алған белгілі тұлғаның бірі – Жалаңтөс батырға арналған. «Самарқан шаһарындағы Тіллә қари және Ширдар медреселерін салдырған Жалаңтөс батырдың шежіресі» атты зерттеу мақаласында: «Кіші жүз қазақтарының арасында Жалаңтөс батыр тарихи тұлға саналады, ол алшындардың әлім бұтағынан тарайтын төртқара руына жатады» - деп жазған.

Осы күнге дейін бүкіл әлемді таң-тамаша қылып, таңдандырып келген құрылысты ХҮІІ ғасырдың басында салдыртқан. Бұл жалаңтөс баһадүр әмір деген кім?

Жалаңтөс батыр туралы орыс тілінде шыққан әдебиеттерде мәліметтер жоқтың қасы, ал Орта Азия туралы жазылған бізге белгілі тарихи еңбектерде Жалаңтөс туралы атүсті, оның тамаша ғимараттар салғызғаны ғана аталып өтеді, ол жайында егжей-тегжейлі деректер келтірілмейді.

Белгілі зерттеуші А.И.Левшин өзінің «Описание киргиз-казахских орд и степей» атты кітабында: «...Қазақ ханы Жәңгір 1643 жылы 600 сарбазымен қалмақ ханы Қонтайшы батырдың 50 мың қолын жеңгенде де, оған (Жәңгірге) көмекке 20 мың атты әскері бар бір татар князы Ялантуш келді» - дейді, бірақ оның кім екендігін тәптіштеп айтпайды.

Масальский «Туркестанский крайда», «Тіллә қари» мен «Ширдар» медресесінің «өзбектің алшын руынан шыққан Жалаңтөс баһадүр - әмір (Иманқұл ханның қолбасшысы)» салдарынан жазады, әйтседе автордың бұл деректі қайдан алғаны бізге белгісіз.

Х. Досмұхамедұлы батырдың тарихын зерттей отырып, оның шежіресін жасайды. Бұл тұлғаның туған жері – Сырдарияның сағасы, төртқара елі, тегі Алшын-Әлім-Қарамашақ-Ораз-Тоқпан-

Сейіткұл-Жалаңтөс, әлеуметтік статусы – атасы Ораз Әмір Темірдің бас кеңесшісі, әкесі Сейіткұл – бай қажы, 40 мың үй алшындардың басын біріктірген ел басы екендігі айтылады. Халекең бұл шежірені жариялағанда, И.Қасымов деген мұғалімнен алғанын ескеріп, алғыс айтыпты. Ал Қасымовтың өзі бұл мәліметтерді 1920 жылы аса білгір шежіреші Молиман ақсақал Шонтаевтың аузынан жазып алған екен. Жалпы, Халекең Жалаңтөс батыр тарихын зерттей жүріп, алты ата Әлім руының үш шежіресін пайдаланыпты. Солардың бәрінде де Жалаңтөс батырдың ата-бабалары мен үрім-бұтақтары бірыңғай таралатынын айтыпты. Бұл шежіреде Жалаңтөстің үш баласы болғаны айтылады. Жалаңтөстің ағасы Ақша бидің немересі Әйтеке би – тарихымыздағы белгілі тұлға. Жалаңтөстің шөбересі Қара абыз қарақалпақтың қабыл деген батырымен Ерәлі ханның заманында соғысып, қайтыс болған.

Қазақ халқының айбынды батыры, даңқты әскери қолбасшысы және мемлекет қайраткері болған Жалаңтөс баһадүрдің есімі оның Самарқанға әмір болған кезінде халық арасында кең тараған. Осы орайда өзбек хандары тұсында нағыз қазақ өкілі – Жалаңтөс баһадүр қалайша Самарқанның өмірі болды деген сауал өз-өзінен туады.

Зерттеуші М.Есламғали «Жалаңтөс баһадүр» атты зерттеу мақаласында былай деп жазды: «1612 жылы Бұхар ханы Иманкұл көп әскермен Түркістан атырабына баса көктеп кіреді. Алдыңғы соққы қарақалпақтарға берілген болған соң, Жалаңтөс батыр өз әскерімен көмекке жетеді. Әйгілі жалаңтөс қолынан қаймыққан Иманкұл амалсыздан соғысты бастай алмай, келіссөзге келеді. Алайда, бұл Бұхар ханның айласы екенін түсінген батыр әскер жиған Иманкұлды түгелдей талқандау үшін дайындалу қамына кіріседі. Мұны сезген Иманкұл Жалаңтөс тұрғанда өзінің Бұқар тағында отыра алмайтынын түсініп, оған Самарқан қаласын және сол төңіректегі уәлаятарды сыйға тартады. Сөйтіп Жалаңтөс Самарқан әмірі атанып, таққа отырады».

Кейбір зерттеулерде: «Иманкұл ханның жалаңтөс батырды Самарқан қаласы мен уәлаятының әміршісі етіп қою себебі, біріншіден, қазақ хандығымен достық қарым-қатынаста болуы, екіншіден, саяси істерді шешу үшін, әсіресе, сыртқы жаулардан

қорғануда қалың әскері бар жалаңтөс батырды пайдалану» - деп көрсетеді.

Жалаңтөс батырдың тарихын зерттеген Х.Досмұхамедұлының айтуынша, «Бұқара хандығында өзбектермен терезесі тең қазақтардың тұтас рулары ие бөліктері болған. Сондықтан да Бұқара хандығында Жалаңтөс батырдың лауазым салмағы болғанына қарап Түркістанда жаулап алушылардың ішінде Кіші жүздің (алшынның) тіпті жоқ дегенде, Жалаңтөс батыр жататын әлім руының қазақтары болды» - деп айтуға әбден болады деген пікірі орынды.

Жалаңтөс батыр, даңқты қолбасшы, би, әділ әмір болуымен қатар, Шығыс елдері мәдени тарихында сәулет өнеріне ерекше көңіл бөлген. Оның әмірші болған кезінде Самарқанның көркі алдам танымастай құлпырды. Оның аты Орта Азия мен Қазақстанның саяси тариында ғана емес, сәулет өнері тарихында да орын алады.

Х.Досмұхамедұлы «Жалаңтөс батыр» туралы зерттеуде «Самарқандықтардың сөзіне қарағанда, Тіллә қари мен Ширдар деген медреселерді салдырған Жалаңтөс баһадүр» деп жазады.

Медресенің екеуі де екі қатар үй. Екеуі де шаршы планмен салынған. Тіллә қаридың алды үлкен шаршы биік дуал. Дуалдың ортасында медресенің шарбағына кіретін үш қақпасы бар. Медресенің сыртында мұнара бар Медресенің екі қатары толған құжыра. Медресенің сырты мен мұнаралары асыл тастармен қапталған. Мешіттің іші де, шарбаққа қараған дуалдың беті де сондай. Дуалды қаптаған тастардың бәрінен түрлі кестелер жасалған. Кестенің бәрі – жазы. Көбі – Құранның аяттары. Кестенің бояуларының сақталғаны соншама күні кеше жасалған секілді. Тіллә қари медресесіне өрнектер алтын бояумен салынған. Сондықтан медресенің аты парсыша «алтынданған» деген сөз.

Х.Досмұхамедұлы халқымыздың қайғы-мұңын көп жырлаған, патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өлең-толғауларымен қарсы шыққан Мұрат Мөңкеұлының шығармаларына ерекше назар аударған. Себебі, оның өзі айтқандай: «Қазақстан тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындарды сөзсіз, елеусіз тастай алмайды» - деп жазады. Мұраттың шығармаларын алғаш зерттеп, жинақтаған бүгінгі ұрпаққа жеткізерде қыруар еңбек сіңірген адам Х.Досмұхамедұлы болды.

Қорыта айтқанда, бергенінен беретіні мол, халқымыздың айтулы перзенті, мемлекет, қоғам және саясат қайраткері, белгілі ағартушы, тарихшы ғалым, әдебиетші Халел Досмұхамедұлы артына мол мұра қалдырды.

Ендеше егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болған дәуірімізде халқымызға еңбегі сіңген, қаны мен жанын аямаған Халел Досмұхамедұлы сияқты біртуар тұлғаның артында қалған тарихи мұраларын кеңінен зерттеп, халқымен таныстыру – абзал міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Озғанбай Ө. «Жарығы өшпейтін жұлдыз»
2. Досмұхамедұлы Х.. Таңдамалы (избранное). 1998 жыл.
3. Егемен Қазақстан. 2015жыл 15 сәуір.
4. «Ағартушы Халел» – Алматы: «Арыс» 2004 жыл.

Уразова Г.Т.

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының
аға оқытушысы*

Х. ДОСМҰХАМЕДОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ

Білім мен тәрбие берудің тұжырымдамасында Жаңа Қазақстанның білім саласындағы саясатында көптен күткен оң өзгерістерге жол ашуда. Тұжырымдама да білім берудің басты стратегиялық міндеті - рухани және әлеуметтік-адамгершілік дүниесі бай, жаңашыл, шығармашылық ойлау қабілеті мен дүиетанымдық мәдениеті жетілген зерделі тұлға қалыптастыру болып белгіленді.

Сонымен бірге, Жаңа Қазақстан мектептерінде оқу-тәрбие ісін ізгілендіруге, яғни оны гуманизм, азаматтық интернационализм, «Қазақстандық елжандылық» идеялары негізінде құру бүгінгі білім беру ісінің ең өзекті міндеттерінің біріне айналуға. Өйткені, кеңестік жүйенің ыдырауы, бұған дейін берік қалыптасқан «отан» деген ұғымның абстрактылы мәнде болып,